

Бәсекелестікті талдау


ҚМГ Қазақстанның мұнай-газ секторында жетекші орынға ие және қызмет ауқымы, интеграцияланған бизнес-моделі мен ұлттық компания мәртебесінің арқасында тұрақты бәсекелестік артықшылықтарын сақтап келеді.

1. Ресурстық база және активтерді басқару. ҚМГ елдегі ең ірі мұнай-газ өндіруші компаниялардың бірі. 2025 жылы компанияның мұнай мен газ конденсатын өндірудегі үлесі шамамен 26 %, ал табиғи және ілеспе газ өндірудегі үлесі шамамен 17 % құрады. ҚМГ Қазақстандағы негізгі мұнай-газ жобалары – Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған кен орындарын дамытуға қатысып, ұлттық өндірістің негізгі бөлігін қамтамасыз етеді.
2. Интеграцияланған құн тізбегі. ҚМГ-ның бизнес-үлгісі көмірсутектерді геологиялық барлау мен өндіруден бастап, оларды өңдеу, тасымалдау және сатуға дейінгі барлық негізгі кезеңдерді қамтиды. Мұндай интеграция компанияға өндірістік тиімділікті арттыруға, шығындарды оңтайландыруға және мұнай бағасының өзгеруінің қаржылық нәтижелерге әсерін төмендетуге мүмкіндік береді.
3. Экспорттық және көлік инфрақұрылымы. ҚМГ мұнай тасымалдаудың негізгі бағыттарын дамытуға және басқаруға қатысады. Олардың қатарында Каспий құбыр консорциумы (КҚК), Атырау–Самара мұнай құбыры, Атасу–Алашаңқай бағыты және Ақтау порты арқылы теңіз тасымалы бар. Компания экспорттық бағыттарды әртараптандыруға және жеткізу тұрақтылығын қамтамасыз етуге басымдық береді.
4. Мемлекеттік қолдау және стратегиялық мәртебе. Ұлттық компания ретінде ҚМГ стратегиялық маңызы бар жобаларды іске асыруға қатысады және жер қойнауын пайдалану құқықтарын тікелей келіссөздер арқылы алуға басымдыққа ие. Бұл компанияның ресурстық базасының тұрақтылығын және ұзақ мерзімді даму мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
5. Қаржылық тұрақтылық және капитал нарықтарына қолжетімділік. ҚМГ жоғары өтімділік деңгейімен, шығындарды тиімді басқарумен және халықаралық және өңірлік капитал нарықтарына қолжетімділікпен ерекшеленеді. Компанияның акциялары Лондон (LSE), Астана (AIX), Қазақстан (KASE) және Гонконг (HKEX) биржаларында орналастырылған, бұл қаржылық тұрақтылықты қолдауға мүмкіндік береді.
6. Ұзақ мерзімді ресурстық қамтамасыз ету. 2025 жылдың соңында ҚМГ-ның дәлелденген мұнай мен газ конденсатының қорлары (1P) шамамен 13 жылға жетеді, бұл халықаралық мұнай компанияларының орташа көрсеткішінен (шамамен 11 жыл) жоғары.

2025¹ жылы мұнай мен конденсаттың дәлелденген қорының (1P) еселігі, жыл

Компания	Мұнай мен газ конденсатының дәлелденген қорының (1P) еселігі
ҚМГ	13 (2025)
BP	9
TotalEnergies	12
Exxon Mobil	13
Eni	10
Chevron	8
Petrobras	12
Shell	9
Equinor	8

2025 жылы Қазақстанда мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі



Дереккөз: «Қазақстан Республикасы отын-энергетика кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» АҚ.

¹ Көрсеткіштер бағалау сипатты және көмірсутектердің таза дәлелденген қорының (1P) жылдық өндіру көлеміне қатынасы ретінде есептеледі. Салыстырмалы компаниялар үшін есептеулер 2024 жылғы жария қолжетімді деректер негізінде орындалды; ҚМГ үшін 2025 жылғы PRMS жүйесі бойынша қорларды жыл сайынғы бағалау негізінде көрсеткіштер пайдаланылды.

ҚМГ Даму стратегиясы

Мазмұны

2025 жылы мұнай-газ саласы макроэкономикалық және геосаяси белгісіздік жағдайында дамуын жалғастырды. Әлемдік экономиканың өсу қарқынының баяулауы, жетекші елдердің ақша-кредит саясатындағы өзгерістер, сондай-ақ шикізат бағасының құбылмалылығы энергетикалық нарық қатысушылары үшін күрделі әрі тұрақсыз сыртқы орта қалыптастырды.

Осы жағдайларда ҚМГ-ның даму стратегиясы жаһандық энергетикалық нарықтың өзгермелі конъюнктурасына бейімделуге және ұзақ мерзімді тұрақты өсуді қамтамасыз етуге бағытталды. Компания құн тізбегінің тиімділігін арттыруға, қаржылық тұрақтылықты нығайтуға, қызмет бағыттарын әртараптандыруға және жаһандық энергетикалық және климат үрдістерді ескере отырып, бизнесті кезең-кезеңімен трансформациялауға басымдық берді.

Пайымы

Қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына және тұрақты даму қағидаттарына жауап беретін, қаржылық нәтижені барынша арттыруға бағытталған вертикальды интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы.

Миссиясы


Біз болашақ ұрпақтың игілігі үшін Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, елдің дамуы мен өркендеуі мақсатында табиғи ресурстарды тиімді әрі ұтымды игереміз.

ҚМГ Директорлар кеңесі ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын 2021 жылы қараша айында бекітті.

Қызметтің стратегиялық бағыттары



ҚЫЗМЕТТІҢ БАРЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ



ҚМГ төрт стратегиялық мақсатын іске асыру нәтижесінде ұлттық экономиканы әртарапандыруға және елімізде көміртегі ізін азайтуға үлес қосады. ҚМГ Даму стратегиясы, стратегиялық мақсаттар мен міндеттер корпоративтік сайтта жариялау


жолымен барлық мүдделі тараптар үшін ақпаратты жария етеді. ҚМГ компаниялар тобында компанияның қызметіне әсер ететін жүйелі және ұзақ мерзімді міндеттерді шешу үшін жыл сайын стратегиялық сессиялар өткізіледі.

№1 стратегиялық мақсат


ҚМГ өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база

2025 жылдың негізгі нәтижелері

PRMS бойынша көмірсутектердің таза қорлары, млн барр. м.э.



PRMS бойынша көмірсутектердің таза қорлары, млн тонна м.э.



- 161 млн тонна – 2022–2025 жылдар аралығында қордың жиынтық өсімі.
- Жылыой жобасы (Атырау облысы және Каспий теңізінің қазақстандық секторы) және Березовский (Батыс Қазақстан облысы) жер қойнауы учаскелерінде күрделі жобалар бойынша стратегиялық серіктестермен бірге көмірсутектерді барлау мен өндіруге келісімшарттар қол қойылды.

- Қаратон Подсолевой (Атырау облысы) және Торғай Палеозой (Қызылорда облысы) учаскелерінде екі терең іздеу ұңғымасын бұрғылау жұмыстары аяқталды.


Толығырақ «Геологиялық барлау» бөлімінен оқи аласыз, **74-77-бетте**

№2 стратегиялық мақсат

Компанияның құн тізбегінің тиімділігін арттыру

Өндіру

Мұнай мен газ конденсатын өндіру, мың тонна



2025 жылдың негізгі нәтижелері

- **26,2 млн тонна** — мұнай мен газ конденсатын өндірудің тарихи ең жоғары деңгейі.
- **434 мың тонна** — технологиялық сын-тегеуріндер бойынша Жол картасы аясындағы іс-шараларды іске асыру нәтижесінде өндірілген қосымша мұнай.
- **11,4 млрд м³** — табиғи және ілеспе газ өндірудің ең жоғары межесі.
- Теңіз кен орнындағы Үшінші буын зауытында шикі мұнайды өнеркәсіптік өндіру басталды.
- Батыс Прорва (ЕМГ), Рожков (УОГ) және Шығыс Өріктау (ӨО) кен орындарында жаңа ұңғымаларды іске қосу нәтижесінде газ өндіру көлемі артты.

➔ Толығырақ «Өндіру» бөлімінен оқи аласыз, **78-95-бетте**

Тасымалдау


2025 жылдың негізгі нәтижелері

- **1 млрд тонна** — 2001 жылдан бастап КҚК теңіз терминалы арқылы мұнайды жөнелтудің жиынтық көлемі.
- **45,1 млн тонна** — ҚТО жүйесі бойынша тасымалдау көлемі (соңғы жеті жылдағы ең жоғары көрсеткіш).
- **63,8 млн тонна** — қазақстандық мұнайды теңіз терминалынан жөнелту көлемі.
- **2,1 млн тонна** — қазақстандық мұнайды Германияға жеткізу көлемі.
- **1,3 млн тонна** — Баку-Тбилиси-Жейхан (БТЖ) бағыты бойынша Ақтау портынан қазақстандық мұнайды жеткізу көлемі.

➔ Толығырақ «Тасымалдау» бөлімінен оқи аласыз, **96-104-бетте**

Өңдеу

Өңдеу тереңдігі, %



2025 жылдың негізгі нәтижелері:

- **14,7 млн тонна** — қазақстандық МӨЗ-дерде көмірсутек шикізатын өңдеудің жалпы көлемі бойынша тарихи межеге қол жеткізілді (100 % үлесін есептегенде жалпы өңдеу көлемі – 18,2 млн тонна).
- **90,1%** — қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында өңдеу тереңдігі бойынша тарихи ең жоғары көрсеткіш тіркелді.
- **77,7%** — қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында жеңіл мұнай өнімдерінің көлемі тарихи межеге жетті.
- **4,6 млн тонна** — қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында бензин өндіру көлемі бойынша тарихи межеге қол жеткізілді (100 % үлесін есептегенде жалпы көлемі - 5,7 млн тонна).

- **5,1 млн тонна** — қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында дизель отынын өндіру бойынша тарихи рекордтық көрсеткіш тіркелді (100 % үлесін есептегенде жалпы көлемі – 6,1 млн тонна).
- Caspi Bitum зауытын жаңғырту жұмыстары аяқталды. Нәтижесінде мұнай өңдеу қуаты жылына 1,0 млн тоннадан 1,5 млн тоннаға дейін, ал битум өндіру көлемі жылына 500 мың тоннадан 750 мың тоннаға дейін ұлғайды.

➔ Толығырақ «Мұнайды өңдеу және маркетинг» бөлімінен оқи аласыз, **104-115-бетте**



№3 стратегиялық мақсат

Бизнесті эртараптандыру және өнім портфелін кеңейту

2025 жылдың негізгі нәтижелері

- **377 мың тонна** — интеграцияланған газ-химия кешенінде полипропилен өндіру көлемі.
- Қуаты жылына **1,25 млн тонна** полиэтилен өндіруге арналған «Силлено» интеграцияланған газ-химия кешенінің құрылысы басталды.
- Газ сепарациялау кешенін (ГСК) салу жобасы бойынша ЕРС-мердігер анықталды.
- Этан және пропан тасымалдауға арналған магистралды құбырларды салу жобасының мердігері анықталды.
- CNPC (ҚХР) компаниясымен ынтымақтастық аясында «Карбамид» жобасы бойынша төртжақты негіздемелік келісімге қол қойылды.

➔ Толығырақ «Инвестициялық жобалардың іске асырылуына шолу» бөлімінен оқи аласыз, **63-71-бетте**



№4 стратегиялық мақсат

Тұрақты даму және өндірісте көміртек сыйымдылығын жүйелі төмендету

2025 жылдың негізгі нәтижелері

- **«BBB»** — MSCI¹ рейтингтік агенттігі берген ESG рейтингі
- **«B»** — CDP² климаттық рейтингі.
- **Климат және ақпаратты жариялы ету:** OGMP 2.0³ бағдарламасы бойынша серіктестік аясында ЕТҰ-дағы (еншілес және тәуелді ұйымдардағы) метан шығарындылары бойынша UNEP⁴ есеп берілді.
- **Төмен көміртектегі энергетика:** Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында қуаты 50 МВт болатын күн электр станциясы пайдалануға берілді.
- **Экологиялық және әлеуметтік бастамалар:** Маңғыстау облысында тәулігіне 50 мың текше метр теңіз суын тұщытуға қауқарлы «Кендірлі» зауыты іске қосылды.
- **Метан шығарындыларын басқару:** ҚГМ, ЕМГ және ММГ-де метанның ағып кетуін анықтау бойынша аспаптық өлшеулер жүргізілді.

➔ Толығырақ «Тұрақты дамуды қамтамасыз ету» бөлімінен оқи аласыз, **156-166-бетте**



¹ Morgan Stanley Capital International — жаһандық инвестициялық қауымдастық үшін халықаралық индекстер мен ESG рейтингтерін ұсынатын провайдер.

² Carbon Disclosure Project отчетность — көміртектегі есептілік жөніндегі климаттық бағдарлама

³ United Nations Environment Programme — қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы, БҰҰ-ның Қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі органы.

⁴ Oil & Gas Methane Partnership 2.0 (OGMP 2.0) — мұнай-газ саласындағы метан шығарындыларын есеп беру және азайту үшін құрылған UNEP флаамандық бағдарламасы.

Корпоративтік қызмет көрсеткіштері

2025 жылы ҚМГ қызметінің корпоративтік басты көрсеткіштерінің негізгі іс-шаралары іске асырылды және жоспарланған мақсаттары орындалды.

2025 жылы корпоративтік қызмет көрсеткіштерінің орындалуы¹

Корпоративтік қызмет көрсеткіштері	Факт 2025 (факт 2024), көрсеткіштік сипаттамасы
Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі	<p>26 211 мың тонна (2024: 23 837 мың тонна)</p> <p>Бұл көрсеткіш операциялық активтерінде және ірі мұнай-газ активтерінде Компанияның қатысу үлесіне өндірілген мұнай мен газ конденсатының көлемін сипаттайды.</p> <p>«Өндіру» бөлімінен қараңыз, 78-95-бетте</p>
Инвестициялық жобаларды іске асыру	<p>8 жоба (2024: 6 жоба)</p> <ol style="list-style-type: none"> «Кендірлі» теңіз суын тұщыту зауытының құрылысы (пайдалануға берілді). Қолданыстағы «ЭЛТҚ-АВТ» қондырғысын жаңғырту арқылы Caspi Bitum зауытының мұнай өңдеу қуатын жылына 1,5 млн тоннаға дейін арттыру (пайдалануға берілді) Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салу («Мемсараптама» РМК-дан №2 іске қосу кешенінің жұмыс жобасына оң қорытынды алу, ПК-1 іске қосу кешені бойынша жалпы құрылыс жұмыстарын аяқтау). Интеграцияланған газ-химия кешенінің құрылысы. Екінші кезең (полиэтилен): полимерлеу қондырғысы және қосалқы өндірістік шаруашылық (компрессорлар, колонналар, реакторлар, сорғылар, экструдер және т.б.) үшін ұзақ дайындалатын жабдықтарға тапсырыс беру, сондай-ақ пиролиз қондырғысы бойынша жер және қадалау жұмыстарын бастау. Газ сепарациялау кешенінің құрылысы (ұзақ дайындалатын жабдықтарға, оның ішінде компрессорларға тапсырыс беру, сондай-ақ жобаны қаржыландыру туралы СУНФ және (немесе) өзге кредиторлардың, оның ішінде ҚМГ-ның шешімін алу). «Қаламқас-теңіз» және «Хазар» жобалары (Қазақстандағы кеме жасау зауыттарында теңіз платформаларын салуға тапсырыс беру, сондай-ақ FEED – жобалау алдындағы инженерлік жобалау жұмыстарын аяқтау). Егі компаниясымен бірлесіп қуаты 247 МВт болатын гибриді электр станциясын салу. Атырау облысында бірыңғай дәлізде магистральды құбыр жолдарын (этан, пропан) салу (ЕРС-мердігерді таңдау). <p>Толығырақ «Басты инвестициялық жобалар» бөлімінен қараңыз, 63-71-бетте</p>
EBITDA margin, трейдингті есепке алмағанда	<p>45 % (2024: 44 %)</p> <p>Бұл көрсеткіш Компанияның табыстылығын анықтайды және компания салық, кредиттер бойынша пайыздар мен амортизация шығынын төлегенге дейін түсімнен түскен пайызды көрсетеді.</p> <p>«Қаржы қызметіне шолу» бөлімінен қараңыз, 126-139-бетте</p>
TSR² (акционердің жалпы кірісі)	<p>40,65 % (2024: 28,55 %)</p> <p>Көрсеткіш салынған инвестициялардың рентабельділігін (қайтарымдылығын) көрсетеді. 40,65 % = (есепті жыл акцияларының орташа бағасы (17 893 теңге) - өткен жылы акциялардың орташа бағасы (13 071 теңге) + бір акцияға дивиденд (491,71 теңге) - бір акцияға шаққанда жарғылық капиталға салым (0 теңге)) / өткен жылы акциялардың орташа бағасы (13 071 теңге) × 100 %</p> <p>«Акционерлермен өзара іс-қимыл» бөлімінен қараңыз, 278-287-бетте</p>
Өндірістегі қауіпсіздік бойынша кешенді көрсеткіш	<p>75 % (2024: 125 %)</p> <p>Көрсеткіш еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар коэффициентінің төмендеуін, сондай-ақ қауіпті жағдайды/мінез-құлықты/іс-әрекетті / қауіпті жағдайды/ факторды анықтау мен хабарлауды көрсетеді.</p> <p>2025 жылы ӨМГ-да өліммен аяқталған жазатайым оқиға орын алды, осыған байланысты көрсеткіш 75 % шекті деңгейде есептеледі.</p> <p>«Еңбек қауіпсіздігі» бөлімін қараңыз, 189-194 бетте</p>

¹ КҚК орындау барысы бағаланады. ҚМГ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы көрсеткіштердің нақты мәндерін түпкілікті бекітуі 2026 жылғы шілдеде күтіледі.

² Total Shareholder Return.

Корпоративтік қызмет көрсеткіштері	Нақты 2025 (нақты 2024), көрсеткіштік сипаттамасы
ҚМГ компаниялар тобы бойынша тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алудағы елішілік құндылықтың үлесі	<p>ЕҚҰт — 70 % ЕҚҰжқ— 90 % (2024: ЕҚҰт — 55 % ЕҚҰжқ— 89 %)</p> <p>Көрсеткіш ҚМГ компаниялар тобының 2025 жылғы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуының елішілік құндылығының үлесін көрсетеді (ҚМГ ЕТҰ — «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу рәсімдерінің субъектілері).</p> <p>«Жеткізушілермен өзара іс-қимыл» бөлімінен қараңыз, 195-199-бетте</p>
Жасанды интеллектіні қолдана отырып, жобаларды іске асыру жөніндегі Жол картасын бекіту	<p>ҚБК жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы жобалардың жол картасын бекітуді көздейді (жол картасына кемінде алты жоба енгізілуі тиіс).</p> <p>Жол картасы ҚМГ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 4 желтоқсандағы шешімімен бекітілді.</p> <p>(Көрсеткіш 2025 жылы енгізілген)</p>

Басты инвестициялық жобалар

Инвестициялық портфельге шолу

ҚМГ-ның 2022–2031 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес компания ұзақ мерзімді өсуді, тұрақтылықты және технологиялық жаңғыртуды қамтамасыз етуге бағытталған инвестициялық портфельді жүйелі түрде қалыптастыруда. Бүгінде бұл портфель бизнесті әртараптандыруға, өнім түрлерін кеңейтуге, құн тізбегінің тиімділігін арттыруға және ресурстық базаны нығайтуға бағытталған бірқатар жобаларды қамтиды. Портфель дәстүрлі бағыттардағы жобаларды — геологиялық барлау, мұнай тасымалдау және өңдеу бастауларын — қамтумен қатар, мұнай-газ химиясы,

баламалы энергетика және қолданыстағы активтердің көміртегі ізін азайту сияқты жаңа даму бағыттарын да біріктіреді.

2025 жылдың соңында компания қатысатын инвестициялық жобалардың жалпы құны 62 499 млрд теңгені құрады, оның ішінде ҚМГ үлесі 22 354 млрд теңгені құрайды¹.

ҚМГ ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыру және бәсекелестік позицияларды нығайту мақсатында 2025 жылы инвестициялық қызметті белсенді жалғастырды. Есепті жылы жалпы құны 544 млрд теңге болатын жобалар бойынша түпкілікті инвестициялық шешімдер қабылданды, оның 531 млрд теңгесі компания үлесіне тиесілі.

2025 жылы олар бойынша FID қабылданған жобалар, ҚМГ-ның жобаға қатысу үлесімен

Атауы	ҚМГ үлесі	Жалпы сомасы (бекітілген), млрд теңге	ҚМГ үлесіне құны, млрд теңге
2025 жылы олар бойынша түпкілікті инвестициялық шешім² қабылданған жобалар:		544	531
Алғашқы интеграцияланған газ-химия кешенінің құрылысы. Екінші кезең (Магистраль құбыржолдарын салу (этан, пропан))	100 %	339	339
«ПМХЗ» ЖШС-нің үш жылдық тоқтаусыз жөндеуаралық кезеңге көшу бағдарламасы	100 %	110	110
«АМӨЗ» ЖШС-нің үш жылдық тоқтаусыз жөндеуаралық кезеңге көшу бағдарламасы	100 %	37	37
«АМӨЗ» ЖШС-нің тиімділігін арттыру	100 %	33	33
«ПҚОП» ЖШС-нің кеңейтілген жөндеуаралық кезеңге көшу бағдарламасы	50 %	24	12

¹ ҚМГ-ның мегажобаларға (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) және бірлескен кәсіпорындарға қатысуын ескере отырып.

² Соңғы инвестициялық шешім.